

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

«Сырлы аспан әлемі»

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/74437/>

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары

Т/А5.3 Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.

О.5.1. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау

Ж.5.5 Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу.

Ә.Т.Н 5.4.4 Сан есімнің мағыналық түрін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу.

Сабақ мақсаттары:

Барлық оқушылар:

Мәтінді мәнерлеп оқи алады, мазмұнын түсінеді, негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады.

Оқушылардың басым бөлігі:

Мәтінді оқып, мазмұнын түсіне алады, негізгі және қосымша ақпараттарды пайдалана отырып, жинақы мәтін жаза алады.

Кейбір оқушылар:

Мәтін мазмұны бойынша ақпараттарды саралай алады, жинақы мәтін жазуда сан есімді зат есім орнына қолдана алады

Тілдік мақсат

Оқушылар: Сырлы да сиқырлы аспан әлемі жайлы мәтінді түсініп, талдай алады. Өз пікірлеріне мәтіннің негізгі ақпараттарын қосып, мәтін жазуда сан есімді зат есім орнына қолданып мәтін жаза алады.

Негізгі сөздер мен тіркестер:

Қиял легі, інжулі өңір, күмбез көкке, Тәбарак

Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Өзін- өзі тану, сиқырлы да сырлы аспан денелерін білу.

Бағалау критерийлері

Оқушылар мәтіннің мазмұнын түсінуде негізгі және қосымша ақпаратты ажыратып, сырлы да сиқырлы әлем жайлы мағлұматтарды талдай алады.

Құндылықтарға баулу

Өзін- өзі тану, аспан әлемінің сырлы да сиқырлы құпияларын тани білу.

Пәнаралық байланыс

Жаратылыстану, әдебиет

Алдыңғы оқу

Жұлдыздар туралы мәлімет жинау

Жоспар

Жоспарланған уақыт

Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер

Ресурстар

Басы

5 минут

Психологиялық ахуал

Шаттық шеңберін құру

Балалар, аяулы алақандарымыз арқылы жүрегіміздің жылуын сезініп, үйренген қандай тамаша!

Осы тамаша сезіммен «Тілек гүлі» арқылы оқушылар бір- біріне тілек айтады.

Аспан денелері арқылы топ бөлінеді.

Күн Ай Жұлдыз

Мұғалімге арналған нұсқаулық 4-дағдыға байланысты әдіс-тәсілдер

Түрлі қағаздар

Аспан денелерінің суреті

Ортасы

35 минут

1-тапсырма /Жұптық жұмыс/ «Серпілген сауал» әдісі

- 1.«Аспан денелері» дегенді қалай түсінесің?
- 2.Аспандағы қай жұлдыздың атын білесің? Олар неге солай аталады?
3. «Менің жұлдызым жоғары» деген сөз қай кезде айтылады?Оның себебі неде?

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.